

FUNCTION AND CHARACTER OF THE INPUT CONCEPT AND INPUT WORD

Shakaman Y.

Candidate of Philological Sciences, Professor
Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan
Pavlodar c., Kazakhstan

КІРМЕ КОНЦЕПТ ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗ ҚЫЗМЕТІ МЕН СИПАТЫ

Шақаман Ы.Б.

Филология ғылымының кандидаты, профессор
Ә.Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университеті
Павлодар қаласы, Қазақстан
<https://doi.org/10.5281/zenodo.15879898>

Abstract

The purpose of the study of the topic of the article is to show the difference between the input concept and the input word; to analyze the types of concepts. The article explains that the concept is recognized as a human concept, a national concept depending on the worldview, and the National concept is an input concept for another nation. At the same time, it is reported that the concept has an original and input type, which has not yet been taken into account in the study. A definition of these two concepts is made and their essence is analyzed. The fact that the input concept and the input word are not the same is considered, and the distinguishing features are indicated. As a result of the study, several results were obtained: a scientific definition of the concept was given; disclosure of the nature of the original and input concept; transmission of the difference between the input concept and the input word; easy translation of the input word; the input concept increases the richness of the language; the input concept expands the knowledge, culture of the nation, contributes to spiritual development; the input concept has a positive and negative impact on the language of the nation.

Аңдатпа

Мақала тақырыбының зерттелу мақсаты кірме концепт және кірме сөз туралы айырмашылықты таныту; концепт түрлерін талдау болып табылады. Мақалада Концептінің дүниетанымға қарай адамзаттық концепт, ұлттық концепт болып танылатындығы түсіндіріліп, ұлттық концептінің басқа бір ұлт үшін кірме концепт болатындығы баяндалады. Сонымен бірге концептінің төл және кірме түрі болатыны, олардың әлі де зерттеуде нақты назарға алынбағандығы туралы мәлімет беріледі. Осы екі концептіге анықтама жасалып, олардың мәні талданады. Кірме концепті мен кірме сөздің бір емес екені қаралып, айырмашылық белгілері көрсетіледі. Зерттеу қорытындысында бірнеше нәтижеге қол жеткізілді: концептіге ғылыми анықтаманың берілуі; төл және кірме концепт сипатының ашылуы; кірме концепті мен кірме сөз айырмашылығының берілуі; кірме сөзді аударуға оңай болатыны; кірме концепт тіл байлығын арттыратыны; кірме концепт ұлт танымын, мәдениетін кеңейтіп, рухани дамуға ықпал ететіні; кірме концептінің ұлт тіліне жағымды-жағымсыз әсері болатыны.

Keywords: ethno concept, intro concept, translation, lacuna, inbound word

Түйін сөздер: төл концепт, кірме концепт, кірме сөз, аударма, лакуна

Кіріспе

Кез келген тілдің жалаң өзімен өзі болып, дербес дамуы осы заманғы кеңістікте мүмкін емес. Қазіргі өмірлік дамуда жер бетіндегі бар халықтың бір бірімен мәдени, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми техникалық, т.б. жақтан араласуы әр ұлттың әлемдік танымын түсінуге, білуге, игеруге, тануға итермелейді. Түрлі қарым-қатынас ықпалынан әр елдің, ұлттың, халықтың танымы, өмірлік ұғымы тіл ғылымында Концепт деген тілдік бірлікпен түсіндіріледі. Жалпы концепт – өмірлік мазмұнның, кіші ұғым-түсініктердің бір тілдік таңбаға жинақталып, шоғырланатын бастапқы **Өзек ұғым**. Дүниені тану арқылы санада өмір, әлем мазмұнының **кіші ұғым** бөліктері, бірліктері тілдік таңбаға жинақталып, шоғырланады да, Өзек ұғымға айналып, **Атау-сөз** пайда болады. Қарапайым тілмен түсіндіргенде, Концепт дегеніміз –

күнделікті тіршілікпен, дағдымен әлемді бағдарлап, бақылап танумен өмір мазмұнының, дүниенің барлық қыр-сипатының, жаратылысының, қозғалысының, т.б. белгілерінің санада, ойда түбегелі ұғымдық, мағыналық жағынан мазмұнды түрде таңбалануы. Содан кейін адам кері әрекетпен санасында таңбаланған дүниесін, ой-мазмұнын (концептіні) сыртқа сөзбен, сөйлеумен шығарып, атау береді. Атау – концептінің санада **«иленіп, иі қанып»**, қарым-қатынаста жарыққа шығатын Сөз. Осыдан кейін Сөз байланыс құралы қызметін атқара бастайды.

Дереккөздер мен әдістер

Мақалалық зерттеуде қазақ тілі ғалымдары мен орыс тіл білімі ғалымдарының тілдік таным, танымдық тіл білімі, мағына, стереотип, концепт, тілдік мәдени тану туралы жазған еңбектері әдіснамалық тұжырым ретінде негізге алынды.

Тақырып бойынша мәселені қарастыруда сипаттау, талдау, мағыналық талдау, салыстыру, жинақтау әдістері қолданылды. Мақала тақырыбының зерттелу мақсаты кірме концепт және кірме сөз туралы айырмашылықты таныту; концепт түрлерін талдау болып табылады.

Қазақ тіл ғылымында Концепт мәселесі ғылыми негіздеу тұрғысынан кейінгі 20 жыл ішінде қарастырылып келе жатыр. Оған дейінгі кезеңде жалпы ұғым (концепт), мағына, туралы тілдік құрылым, ұлттық тілтану (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, т.б.); тілдік ұғым-бірліктер қызметтік ерекшелігін таныту (Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, т.б.); ұлттық тіл білімін ғылыми жақтан дамыту (К.Аханов, Т.Қордабаев, Ы.Маманов, Н.Оралбай, Р.Сыздық, Ә.Болғанбаев, С.Исаев, т.б.) бағытында зерттеулер жүргізілді [9, 60-6.].

XX ғасырдың соңынан бастап қазақ тілінде концепт, тілдік таным, стереотип мәселелері, тілдің генетикалық сипаты (Ш. Бекмағанбетов, Э. Оразалиева, Г. Исиа, Ш. Жалмаханов, Б. Тілеубердиев) жеке тақырыпқа алынып, нақты зерттеу нысанына түсті.

Орыс тіл білімінде Концепт туралы бастапқы түсінік Н. Арутюнова, Е. Кубрякова, С. Аскольдов-Алексеев, Ю. Степанов, Е. Верещагин, А. Вежицкая, т.б. еңбектерінен басталады. С.Аскольдов-Алексеев, Ю.Степанов, т.б. ғалымдар Концептіні «ойлау жүйесі арқылы жинақталған білім» – деп тұжырымдайды [3]

Талқылау және нәтижелер

Концепт – кешенді ойлау әрекетімен, пайымдау нәтижесінде пайда болатын танымдық бірлік. Елес, болжалды бейне, фрейм, ұғым, гештальт концептіде түйінделіп, өзек құрап, адамның ойлау-үдерісінде де, түрлі адами қарым-қатынаста, сөйлеуде, жазбада танылып жатады. Концепт кең, мағыналы, мазмұнда болса, соған қатысты аталым да көп, ұлтта сөз қоры да мол болады.

Концептінің дүниетанымға қарай жалпы адамзаттық концепт, ұлттық концепт деген түрі танылады. Ұлттық концепт басқа бір ұлт тіліне кірме концепт болып қабылданады. Ұлттың өзіне ғана тән танымы, дүниетаным туралы түсінігі, ұғымы (концептісі) төл концепт болып табылады. Бірақ Концептінің осы екі түрі (*төл және кірме*) әлі күнге дейін зерттеулерде назарға алынып жатқан жоқ.

Төл концепт – ұлт, халық тілінде, санасында, танымында, тіршілігінде, ұлттық мәдениетінде жер бетінде қалыптасқаннан бастап, танылып бекіген ұғымдар жиынтығы. Кірме концепт басқа ұлттың танымымен қалыптасып, қабылданған ұғымдар жиынтығынан тұрады.

Кірме концепт кірме сөзбен бір емес, ол – мүлде басқа қолданыс. Концептінің кірме болуы ұлт тілінің мәдени танымына, түсінігіне байланысты. Бір ұлтта бар концепт екінші бір ұлтта болмауы мүмкін, концептінің болу-болмауы ұлттың, адамның өмір сүру ландшафтысына, ортасына, жеке адами, ұлттық дүниетанымдық

кеңістігіне қатысты болып, сондағы әлемді игеру, тану құзіреттілігіне негізделеді. Кірме концептілі сөздер ел, ұлт арасындағы қарым-қатынасты кеңейтіп, ғылымда, т.б. салада ортақ танымдық түсінікті жеңілдетеді. Сонымен қатар кірме концептімен туындаған сөздер, жаңа тілдік құрылым қарым-қатынаста ой дәлдігін, бейнелілігін, ой ұтқырлығын, тілдік нақтылықты жеткізуге септігін тигізеді.

Бір ұлт тіліне басқа ұлттан енген кірме концепт жағымды, жағымсыз қырларымен екі жақты қызмет етеді. *Кірме концептінің жағымды сипаты* оны қабылдаған ұлт тілінің сөзжасамдық әлеуетін, сөз жүйесін, арттырады, сөздің қорды байытуға ықпал етеді. Сөздік қор тұрғысынан Кірме концептілер мен кірме сөздер басқа ұлт тілінің «бос орнын» толтырып, жаңа таным, ұғым әкеледі, лакуна сөздер пайда болып, сол арқылы төл тілде атауы жоқ, бірақ ұғымы бар зат-құбылыс, әрекет-үдерістерге сыртқы дыбыстық жамылғы береді. Немесе атауы да жоқ, ұғымы да жоқ, бірақ басқа ұлтта бар тың ұғым-түсініктерді, мәдени танымды тудырады. Осындай ерекшелікке байланысты және Концептінің танылуына, түсінілуіне қарай кірме сөздердің өзін, ұлт тілінде ұғымы жоқ болса, *кірме концептілі сөздер*, ал ұғымы бар болып, дыбыстық тұлғасы жоқ болып, шет тілден сөздер алынса, оларды *кірме сөздер* деп атаймыз. Мысалы, қазақ тілі үшін **кірме концепт** болып табылатын сөздерге: *компьютер, сканер, цитрус, менеджмент, бизнес, пицца, донер, коктейль, автомобиль, меню, радио, лифт*, т.б. жатады. Бұларды кірме концептілі сөздер дейміз, өйткені бұларға қазақ тілінде сай келетін нақты атау жоқ. Рас, оларды ішкі ұғымдық мәнін, мағынасын түсініп, түрлі сөзбен талдап жеткізуге болады немесе қолданыста жиі айтылып, әбден қабылданғаннан кейін оларға қазақша «жасанды» атау беріліп жатқаны да бар. Мысалы: *меню – мәзір*. Қазақ тілі үшін кірме сөздерге *йогурт, сыр, самолет, вертолет, трап, фонарь, плинтус, т.б.* саналады.

Кірме концептінің кері әсері де бар. Ол ұлт тілінің табиғи құрылымын өзгертіп, сөздік құрамның, сөз жүйесінің, ұлттық тілдік танымның, грамматикалық құрылысының бұзылуына әкеледі. Өйткені тілдік кірмелілік, кірме концептінің енуі – бөтен тілдік танымды игеру, бөтен дүниетаныммен өз әлемінің негізін «өзгерту» үдерісі.

Сондай-ақ тұлғалық кірме сөздер де, кірме концептілі сөздер де лексикаға, сөйлем мазмұнына ғана емес, фонетикаға, мағынаға, тұтас грамматикаға да әсер етеді. Сондықтан Кірме концептілі сөздерді, кірме сөздерді орынсыз қабылдау ұлт тілінің мазмұнын, жүйесін бұзып, түп тамырымен төл тілде қалыптасқан лексиканы «шайқау, ығыстыру», жасанды түрде «кедейлендіру», жоққа шығару болып табылады.

Кірме сөздерге келсек, олар да кірме концептілік сипатпен енеді. Кірме сөз болып танылу – ұлт тілінде сол кірме сөзге қатысты өзек ұғымның болуы, бірақ ұғымға қатысты атау-сөздің болмауы. Концепт болса да, оған қатысты атаудың

берілмеуі – ұлттың, халықтың, елдің мәдени танымының еніп отырған кірме сөзге байланысты тәжірибелік дағдысының, түсінігін, әрекетінің болмауы. Нақтылап айтсақ, қажеттілік болмағандықтан, әрекет те жоқ, таным да жоқ. **Қажеттілік теориясы** танымды, әрекетті, жоқтан бар жасауды тудырады. *Қажеттіліктің болмауы* сол ұлттағы өмірлік дамуының кенжелеп тұрғанын, концептілік дамудың төмендігін білдіреді. Сөйтіп ұлттың сөздік қоры да кедей болады.

Қазақ тілінің өзінің өмір сүру дағдысы мен тіршілігіне қарай, белгілі бір мәдени бағытында дамуына қарай Концептілік жүйесі толымды әрі бай. Қазақ халқының концептілік жүйесі өзінің стереотипі мен жарытылыс-болмысынан туындайды. Осыған орай қазақ тілінде әлеуметтік, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет мәндегі («Атамекен», «Туыс» «Батыр», «Отан», «Достық» концептісі, т.б.) концептілер басым келеді.

Кірме концептіні түсіну сол концепт қалыптасқан ұлт ерекшелігін, дәстүрін, танымын түсіну, білу дегенді білдіреді. Мәселен, ұлт мәдениетінде, дәстүрінде, жалпы танымында адамзаттық ортақ концептіні түсінудің өзі түрліше қабылданады. Адамзаттық ортақ концептінің әр түрлі қабылдануын ғалымдар ішкі құрылымға бөліп түсіндіреді. Ғалым Ю.Степанов концептінің қабылдануын үш түрлі деңгейге бөліп ашады: ұғымның негізгі өзек мәні; қосымша бәсең мәні, ішкі, бірақ сөздік дыбысталуын айтқан кезде ғана танылатын мәні [11]. Осылайша кірме концепт әр тілде аталған үш деңгейдің қай қырынан түсінілуіне қарай қабылданады. Мысалы: қазақ тіліндегі «Қымыз» сөзі – басқа ұлтқа кірме концепт және кірме сөз. *Қымыз* кірме концептілі сөз болғандықтан, басқа ұлт өкілдері бұл сөздің «сүт» дегендегі мәнін бірінші деңгей (өзек мән) ретінде алып қарайды. Ал қазақ үшін бұл сөздің сөздің *өзек мәні* – *ашытылған уыз* екені, «сүт» деген мәні қосымша мән саналады.

Кірме концепт танымдық мазмұнды ашқанмен, оны бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бір концептінің өзі әр ұлтта бірнеше қырымен танылып, түрлі сөзбен аталады. Сондықтан кірме концептіні де, кірме сөздің ұғымын, мағынасын түсінуде ұлт өзінің алғашқы түсінігіне, өзінің танымына қарай өзіне ыңғайлы жағын танып, қабылдайды да, басқа белгілерін қосымша дерек етіп, сол концептіні, кірме сөзді игеріп, қолдана бастайды. Ал ол концептінің немесе кірме сөздің жалпы шығутегін қарастыру, ол сөз нақты қолданысқа түсіп, толық қабылданғаннан кейін мүмкін болады. Сол кезде концептінің үш деңгейі де толық көрінеді.

Кірме сөздер ұлттың ұғымына таныс болғанмен, қолданыстық атауы (лексемасы) болмағандықтан, кірме, жат сөз болып танылады. Дегенмен кірме сөздерге балама сөз, аударма сөз тез табылады. Мазмұны басқа ұлттық тілдік таныммен қалыптасқан сөздер қазақ тілінің танымына жақын келсе де, айтылатын сөз, атау жоқ болса, біз үшін кірме сөз болдаы, бірақ кірме

концепт болып саналмайды. Сондықтан ғалымдар З. Попова мен И. Стернин кірме сөздің дыбыстық аталымы нақты концептіні білдірмейді немесе концептісі кірме ретінде танылмауы да мүмкін деп түсіндіреді [10].

Қазақ тіліндегі сөздердің концептісі (өзек ұғымы) басқа тілдегі адам үшін оның қазақ халқымен араласу-араласпауына қарай оңай не қиын танылуы мүмкін, соған орай аудармасы да сол концепт бөліктерін қай қырынан тануына қарай жасалады. Мәселен, «Кеспе» концептісі орыс халқы үшін сұйықтық жағымен ғана танылып, «суп» деп қана аударылуы мүмкін, бұл сөз орыс тілділерге кірме сөз болады, ал концептісі таныс (тамақ атауы).

Сондай-ақ басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілінің «Ет» концептісіне енетін *шұжық*, *қазы*, *қарта* әрі кірме концепт, әрі кірме сөз болады. Себебі бұл сөздер ұғымы жағынан да, дыбыстық тұлғасы жағынан да басқа халық үшін толық аудару мүмкін емес, тек белгілі бір түсінік алғаннан соң, кіші бөлік ұғымдарын аударып, бірнеше сөзбен келтірілуі мүмкін. Мұндай концептісі де, сөзі де аударылмаған жағдайда, басқа ұлт өкілдеріне ол сөздер лакуна болып енеді.

Қорытынды

Сонымен кірме концепт және кірме сөз түсініктерінің сипаты олардың ұлт тіліндегі қолданысқа, қажеттілікке, мәдени танымына байланысты көрініс береді. Нақты концептінің, аталымның болмауы халықтың өміріндегі оған қатысты қажеттіліктің туындамауымен және өмірлік әрекетінде әлеуметтік мәдени қатынастың талабына сай келмеуімен, жаратылысымен байланысты болады. Тілге кірме концепті мен кірме сөздің жиі енуі халықтың бір-бірімен экономикалық, саяси, әлеуметтік, ғылыми техникалық, мәдени жағынан үнемі араласып өмір сүруіне байланысы болады.

Мақала қорытындысында бірнеше зерттеулік нәтиже анықталды:

- Концепт түсінігіне анықтаманың нақтыланып берілуі;
- Концептінің төл және кірме концепт деген түрі болатыны;
- Төл концепт – ұлттың әлемді тануда әуелден бекіп қалыптасқан ұлттық ұғымдар жиынтығы;
- Кірме концепт басқа ұлт, халықтың танымымен қалыптасып қабылданған кірме ұғымдар жиынтығы екені;
- Кірме концепт пен кірме сөздің екі түрлі түсінік екені;
- Кірме концептіге қарағанда, кірме сөздің аударылуы оңай болатыны;
- Кірме концепт тілдік қорды арттыратыны, соның негізінде сөздік қор молаятыны;
- Кірме концепт ұлттың дүниетанымын, мәдениетін кеңейтетіні, рухани, әлеуметтік дамуға әсер ететіні;
- Кірме концептінің жағымды-жағымсыз әсері бары;

• *Кірме сөз ұлт тілі сөзімен қатар қолданылуы мүмкін екені.*

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. «Ана тілі». 1992.-448 б.
2. Жұбанов. Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. Ғылым, 1966.- 361 б.
3. Аскольдов С. Концепт и слово. Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология (ред. В. П. Нерознак). М.: Academia. 1997. – 370 с.
4. Бекмағанбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. Алматы. «Ғылым», 1999. – 157 б.
5. Верещагин Е., Костомаров В. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. М.: Русский язык, 1990. – 246 с
6. Жалмаханов Ш.Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы //филол. ғылым. докт.

ғылыми дәр. алу үшін дайынд.диссерт.автор. Алматы. 2004.- 43 б.

7. Илина Г. Стереотипы и национальная языковая картина мира// Автор. дисс. на соиск. учен. степ. доктора филол. наук. Алматы. 2008. – 50с.

8. Новикова Т. Заимствование лингвокультурных концептов. Волгоград. 2005.

9. Оразалиева Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма//Филол. ғылым. докт. ғылыми дәреж. алу үшін дайынд.дисс. Алматы. 2007.-303 б.

10. Попова З., Стернин И. Когнитивная лингвистика. М.: Восток-Запад, 2007. – 315 с.

11. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. М., 2001. – 398 с.

12. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвконцептологиялық негіздері // филол. ғылым. докт. автор. Алматы. 2002. – 46 б.

13. Федосова С. Концепт как синтез элементов языка и культуры // Вестник КазНУ. Серия филологическая, №6 (130). 2010. – 124- 127 с.